



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматыда Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп жатыр

Алматы қ.

2023 жыл, 25 сәуір

Алматыда Қазақстан Ұлттық Банкінің «Ақша кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық сын-қатерлер» тақырыбында III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтіп жатыр.

Конференция жұмысына экономика саласындағы тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ, Қазақстан Ұлттық Банкінің, академиялық қауымдастықтың, зерттеу орталықтарының, қаржылық және халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік институттардың өкілдері қатысуда.

«Соңғы жылдары біз аса жоғары белгісіздік пен құбылмалылық жағдайында өмір сүріп, шешім қабылдауға мәжбүрміз. Ондаған жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланыс пен сауда құрылымы түбегейлі өзгерді. Бұл жаңа экономикалық шынайылық оңтайлы ақша-кредит саясатын жүргізуде бірлесе жұмыс жүргізуді талап етеді. Осыған байланысты біз жаңа сын-тегеуріндерге инфляцияның мақсатты бағдарларының сәйкестігін талқыласақ дейміз», - деді ҚҰБ Төрағасының орынбасары А. Баймағамбетов.

Іс-шара барысында Ұлттық Банк пен академиялық қауымдастықтың өкілдері конференция қатысушыларына ортамерзімді кезеңдегі тұтынушылық бағаның динамикасы бойынша мәліметтерді, инфляция бойынша мақсатты бағдарларды белгілеу және оған қол жеткізу бойынша зерттеулер қорытындысын таныстырды. Тәуелсіз сарапшылар инфляцияның оңтайлы таргетін анықтау және оны тұрақтандыру бойынша монетарлық саясат жүргізуге қатысты өз пайымдарын ортаға салды.

«Жалпылай айтқанда, экономистер мен болжаушылардың пікірі инфляция түсе бастайды деген ортақ тұжырымға келеді. Бұл өз кезегінде ақша-кредит саясатының шаралары дұрыс таңдалғанын көрсетеді. Базалық мөлшерлемені төмендетуге қатысты қажеттілік инфляция 13%-12%-ға дейін төмендегенде ғана өзекті бола алады», - дейді Халықаралық валюта қорының Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия елдері үшін әлеуетті дамытудың өңірлік орталығының экономисі Нұрдәулет Әбілов.

Конференцияда ақша-кредит саясатының ұзақмерзімді стратегиясы, жаһандық трендтер мен оның Қазақстандағы инфляциялық үдерістерге ықпалы, ішкі инфляция факторлары, Қазақстандағы ақша-кредит, фискалдық және макропруденциялық саясаттың өзара әрекет етуі талқыланады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz